

№7ЖББОМ директоры:



Д. Достанова

ҚЫЛ

# «ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА» үйірмесінің жоспары

Пәні: математика

Класы: 2

Пән мұғалімі: Тасбулатова Адеми Канатовна

Апталық сағат: 1

2024-2025 оқу жылы

## Түсінік хат

Бастауыш сынып – оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі. Өйткені балалардың ойлары осы кезеңде нақты бейнеліден абстрактілі ойлауға қарай дамиды. Бастауыш сыныпта оқушылардың бірте-бірте ой-өрісі қалыптасып және заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып, өзінің ойын дәлел-деуге үйрене бастайды.

Қызықты математика бағдарламасының 2-сынып бойынша жіктелуі барлығы 34 сағат, аптасына 1 сағат. Берілген тапсырмалар балалардың жас ерекшелігіне негізделіп құрылған.

Қызықты математика оқушылардың оқу ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып жоспарлы түрде оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз ұштас-тыра отырып оқушылардың математикадан алған білімдерін жетілдіру, тереңдету, логикалық ойлау қабілеттерін жақсартады. Оқушылардың таным-дық қызығушылығын дамытуға жағдай жасай отырып, баланы ізденімпаз-дыққа және өзіне сенімді болуға ұмтылдырады, ақыл-ой деңгейін қалыптас-тырады. Практикалық өзіндік жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, соны-мен қатар оның танымдық белсенділігінің артуына бағытталады. Тапсырма-лар баға қоюға емес, оқыту мен дамытуға арналған. Сол себепті логикалық тапсырмалар жеке тұлғаның өзіндік ойлау қабілетін дамыту мен қалыптас-тыру болып табылады. Бұл баланың ой-өрісін дамытып қана қоймай, оны байқағыштыққа, шапшаңдыққа, ойын дәлелдеуге үйретіп, әрі оны жалық-тырмайды. Сабақтың барысында көңілді жаттығулар өткізіліп, сонан соң жинақтағы тапсырмаларды пайдалана отырып, математикалық басқатыр-ғыштар, әрі қарай көру немесе есту диктанты жазылады. Сабақ жоспарын мұғалім өз қалауынша құра алады.

### **Міндеттері:**

- Әр түрлі танымдық тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.
- Дидактикалық ойындар арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- Әр түрлі қызықты тапсырмаларды өз бетінше және шапшаң орындауға үйрету.
- Өмірмен байланыстыра отырып түрлі қызықты есептер құруды үйрету.
- Өзіндік ойын жеткізуге пікірін білдіруге баулу.
- Ауызша және жазбаша есептей білуге жаттықтыру.
- Ой шапшаңдығына, жеке және топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.
- Өздігінен ізденіс жасауға, түсіндіруге, дәлелдей білуге төселту.

### **Күтілетін нәтиже:**

Жеке тұлғаның шығармашылығы мол, жан - жақты дамыған, интеллектуалдық деңгейі жоғары, мектебінің дәрежесін көтеретін дарынды тұлға қалыптастыру.

### **Бағдарлама мақсаты:**

«Қызықты математика» оқушылардың оқу ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып жоспарлы түрде оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз ұштастырылып, оқушылардың математикадан алған білімдерін жетілдіру, терендету, логикалық ойлау қабілеттерін шыңдау мақсатында жасакталды. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуға жағдай жасай отырып, ізденімпаздыққа және сенімді болуға ұмтылдыру. Ақыл-ой деңгейлерін қалыптастыру, танымдық белсенділіктерін арттыру. Оқушының ой-өрісін дамытып қана қоймай, оларды байқағыштыққа, шапшаңдыққа ойын дәлелдеуге үйрету.

## 2 «б» сыныбына арналған «Қызықты математика» үйірме жоспары

2024-2025 оқу жылы

р/с	Сабақтың тақырыбы	сағаты	күні
1	Геометриялық конструктор	1	06.09
2	Әр түрлі пішіндер	1	13.09
3	Сызықтар, бұрыш, кесінді	1	20.09
4	Қандай пішін жетіспейді?	1	27.09
5	Қызықты геометриялық фигуралар	1	04.10
6	Құрастырмалы денелер	1	11.10
7	Сиқырлы шаршылар	1	18.10
8	Қызықты төртбұрыш, тіктөртбұрыш	1	25.10
9	Логикалық қорытынды	1	08.11
10	Цифрларды танысың ба?	1	15.11
11	Сәйкес сандар	1	22.11
12	Тақ және жұп сандар	1	23.11
13	Жұбын тап	1	06.12
14	Реттік сандар	1	13.12
15	Санамақ	1	20.12
16	«Бәйге» ойыны	1	27.12
17	Заттарды топтау, бөліп алу	1	10.01
18	Артық заттарды табу	1	17.01
19	Ортақ атау	1	24.01
20	Салыстыру	1	31.01
21	Қызықты жаттығулар	1	07.02
22	Тиісті сандарды таңдап, сөздерді оқу	1	14.02
23	Сәйкес сандар	1	21.02
24	Бөлшектерді құрастыру	1	28.02
25	Сөздерді тап	1	07.03
26	Сандар қатарын құрастыру	1	14.03
27	Сөзжұмбақ құрастыру және шешу	1	04.04
28	Неше алма, неше алмұрт?	1	11.04
29	Қай қабатта, қай пәтерде тұрады?	1	18.04
30	Жұмбақ есептер	1	25.04
31	Қызықты викторина	1	02.05
32	Хан сарайының кілтін тап	1	09.05
33	Логикалық қорытынды	1	16.05
34	Тест	1	23.05